Отыз жылдық озық қызмет



2-бет

Ақмолада ақжолтай жаңалық көп



6-бет

«Балаға өмір, анаға бақыт сыйлаудан артық қуаныш жоқ»



8-бет

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ
БІЗГЕ 30 жыл
1994-2024


# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№52 (3681)
12 шілде 2024

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ПАРЛАМЕНТ – ҚОҒАМДЫ ДАМЫТУДАҒЫ ПӘРМЕНДІ КҮШ



**Биыл заң шығару үрдісі халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған нәтижелі қадамға толы болды. Бұл ретте депутаттардың белсенділігі айқын көрінді. Олар барынша халыққа жақын болып, елдің мұң-мұқтажын естудің мүмкіндігін тиімді пайдалануда. Мұны сегізінші сайланған Парламенттің екінші сессиясының қорытындысынан айқын көруге болады.**

(Соңы 3-бетте)

• МӘСЕЛЕ

# АДВОКАТТАРҒА ҚОЙЫЛАР ТАЛАП КӨП, ҚОЛДАУ АЗ

**Еліміздің адвокаттары кәсіби қызметінде үнемі кедергіге тап болады. Қиындық әсіресе, өз қорғауындағы азаматтармен жолығу барысында туындайды. Негізгі себеп – мәжіліс залдарының жетіспеушілігі, клиенттерді басқа аймақтардағы тергеу изоляторына ауыстыру, оларға кірудің күрделі тәртібі, ұзын-сонар кезек. Бұл жөнінде жуырда ҚР Президенттік іс басқармасы жанындағы Парламентаризм институты мен ҚР Президенттік орталығы ұйымдастырған дөңгелек үстелде айтылды.**

Алқалы жиында Парламент депутаттары, адвокаттық және заң қоғамдастығының өкілдері, қазақстандық және шетелдік сарапшылар мен ғалымдар бас қосып, Қазақстандағы адвокатураны дамытудың заманауи міндеттері мен келешегіне қатысты өзекті мәселелерді талқылаған болатын.

Әділет министрлігі, Парламент депутаттары бірқатар бастамаларға қолдау көрсеткенімен, кейбір мемлекеттік органдар адвокатураның проблемаларына жеткілікті назар аудармайды. Соның салдарынан кей бағытта жаңа мәселелер пайда болды. Бүгінде адвокаттың заттары мен іс-қағаздарын тінтуге қойылатын талаптар, рентген аппараттарын пайдалана отырып тексеріс жүргізу, клиентпен кездесудің құпиялылығын бұзу, тергеуде бейнекамераның болуы жұмыс барысында елеулі қиындық тудырады. Адвокаттар заң көмегін көрсету үшін сот ғимараттары мен құқық қорғау органдарына кіруі барысында да үнемі кедергіге тап болады. Сонымен қатар құқық қорғау органдарының, уақытша ұстау изоляторларының және тергеу изоляторларының ғимаратына техникалық құралдарды әкелуге және пайдалануға негізсіз тыйым салынып, бұл іс материалдарымен танысып, олардың көшірмесін алуда тосқауыл тудырады.

Мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдар адвокаттық сауалдарға жауап беру тәртібін бұзу арқылы олардың заңды қызметіне кедергі жасауда.

(Соңы 5-бетте)

• ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

# «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» БАРЛЫҚ СЫНҒА ЖАУАП БЕРГЕН ЖОҚ

**«Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-нің «Заң» республикалық басылымында «Ембімұнайгаз» АҚ тендерлер бойынша жасалатын келісімшарттардың заңдылығы тұрғысынан мақала жарияланған болатын.**


ЛАЙЫҚТЫ ЖӘНЕ ЛАЙЫҚСЫЗ:
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚИСЫНСЫЗ ҮНЕМДЕУ ТӘСІЛДЕРІ
Сіз не дейсіз?
ТЕНДЕРДІҢ ӨТКІЗІЛУІ ТАЛАПҚА САЙ

Мәселені толыққанды зерделеу барысында басылым тарапынан «Ембімұнайгаз» АҚ туралы сатып алу қызметінің барлық кешені қамтылды.

Қосымша «Ембімұнайгаз» басшылығының түсініктемесі де жарияланды. Сонымен қатар, аталған мақалаға «Амир Холдинг Қазақстан» ЖШС басшысының жауабы келді. Бұл ретте, «Ембімұнайгаз» АҚ түсініктемесіндегі мәселе тек жалғыз лот емес екенін түсіндіруде.

**«Амир Холдинг Қазақстан» ЖШС басшысының жауабы:**

Біріншіден, «Амир Холдинг Қазақстан» ЖШС өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін тек құқықтық салада ҚР заңнамасына қатаң сәйкес қорғайды. Алайда «Ембімұнайгаз» АҚ өз түсініктемелерінде бұрын «Амир Холдинг Қазақстан»ЖШС көрсеткен жекелеген қызметке назар аударды. Ал алдындағы басылым «Ембімұнайгаз» АҚ-ның сатып алудың барлық спектрі бойынша сайлау тәсіліне және бірқатар қызметтердің қымбаттауына арналған еді. Мұның бәрі «Амир Холдинг Қазақстан»ЖШС-нің қатысы жоқ мақалада нақты және негізделген түрде көрсетілген.

Бірақ қандай да бір себептермен «Ембімұнайгаз» АҚ материалда көрсетілген барлық эпизодтарға түсініктеме берген жоқ.

Ең алдымен, «Ембімұнайгаз» АҚ түсініктемелерінде айтқан әлеуметтік шиеленістің жолын кесу мақсатында, «Амир Холдинг Қазақстан»ЖШС «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан шарттар бойынша төлемдердің жалғаспағанына қарамастан, барлық қызметкерлерге жалақы мен тиісті салық аударымдарын төлеуді жалғастыруда.

«Ембімұнайгаз» АҚ түсініктемесінен көріп отырғанымыздай, компания нысандарда жеткізушілері жиі ауысатындықтан, қызметкерлерінің тұрақты жұмыспен қамтылуына жеткілікті көңіл бөлінбейді.

(Соңы 3-бетте)

● НАУҚАН

# АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ПЕН АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ

**Ақмола облысында 21 шілдеде аумақтық сайлау комиссиясы биылға жоспарлаған ауыл және ауылдық округтер әкімдерінің соңғы сайлауын өткізеді. Қазір Ақкөл, Ерейментау, Жақсы, Сандықтау және Целиноград аудандарындағы бес сайлау округі бойынша тағайындалған алты ауыл және ауылдық округтердің әкімдерін сайлау науқаны жүріп жатыр. Бұл ретте бір әкім тұрғылықты жерінің өзгеруі себепті мерзімінен бұрын кетуіне байланысты, бес әкім өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты сайланады.**

Кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы Ақмола облыстық сайлау комиссиясының хабарламасына қарағанда, ұсынылған 21 кандидаттың 17-сі өзін-өзі ұсынса, төртеуі «АМАНАТ» саяси партиясы атынан сайлауға түспек. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмегендіктен, екі кандидат, құжаттардың толық бермеуіне (сайлау жарнасын төлемеу) салдарынан бір кандидат алынып тасталды.

Соның нәтижесінде 18 кандидат тіркелді. Оның 14-і (78%) өзін-өзі ұсынған, төртеуін (22%) «АМАНАТ» саяси партиясы ұсынған. Яғни бір орынға орташа бәсекеге қабілеттілік үш адамды құрайды. Үміткердің бесеуі (28%) – әйелдер. Кәсібі бойынша, үміткерлердің оны – белсенді мемлекеттік қызметші, төртеуі – аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері, екеуі – бюджеттік саланың қызметкері, біреуі – коммерциялық құрылым қызметкері. Олардың орташа жасы – 41,3 жас, ең жасы 29-да болса, ең үлкені 52-де. Кандидаттардың төртеуі (22%) өздері сайлауға түскен ауылдық округтерден болса, 14-і (78%) басқа ауылдық округтерден қатысып отыр.

Облыстық маңызы бар үш қала (Көкшетау, Қосшы, Степногорск), 17 аудан, 8 аудандық маңызы бар қала, 5 қалашық, 194 ауылдық округ, 32 ауыл мен 594 ауылдық елді мекені бар Ақмола облысында бұған дейін 18 ақпанда, 5 мамырда, 16 маусымда ауылдық округ пен ауыл әкімдерінің сайлауы өткен болатын. Мәселен, 16 маусымда ол тоғыз сайлау округі бойынша өтті. Атап айтқанда, Біржан сал ауданы Уәлиханов ауылдық округі; Бурабай ауданы Веденов ауылдық округі; Еgіндікөл ауданы Еgіндікөл ауылы; Есіл ауданы Орловка ауылы, Жаныспай, Свободный ауылдық округтері; Жарқайың ауданы Жанадала ауылдық округі; Зеренді ауданы Чаглинка ауылдық округі; Целиноград ауданы Арайлы ауылдық округі. Ол кезде әкімге кандидаттар саны 24 адам болып, барлық тоғыз сайлау округінде әкімдер сайланды. Оның ішінде алтауы өзін-өзі ұсыну арқылы, үшеуі «АМАНАТ» партиясы ұсынған үміткер болды.

Сайлаушылардың ең белсенді қатысуы Есіл ауданы Свободное ауылдық округінде (66,45%), ең аз қатысуы Целиноград ауданы Арайлы ауылдық округінде (26,78 %) тіркелді.

Әкімшілік-аумақтық бірлік құрылған, шекарасы өзгерген кезде сайлау жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық бірлікте ғана тағайындалады. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлауды тиісті аумақтық сайлау комиссиясы әкімнің өкілеттіктері мерзімі аяқталғанға дейін кемінде елу күн бұрын тағайындайды. Сондай-ақ әкімді сайлауды тиісті аумақтық сайлау комиссиясы әкімнің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік құрылған, шекаралары өзгерген күннен бастап бір ай ішінде тағайындайды және тағайындалған күнінен бастап аудан, облыстық маңызы бар қала әкімі үшін елу күн ішінде, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі үшін қырық күн ішінде өткізіледі.

Әкім болып сайлану үшін үміткерлер «Сайлау туралы» Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңның 36-2-бабында және Қазақстанның мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Олардың Қазақстанның мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін аумақтық сайлау комиссиясы ұсынған құжаттар негізінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

# ӨНЕРКӘСІП – ӨҢІРДІ ДАМЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІ

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Жақсы ауданының тұрғындарымен есеп беру кездесуінде: «Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өңірдің негізгі драйвері болуы тиіс», – деді. Агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау туралы айтқан кезде, «Кең дала» бағдарламасының шарттарының өзгеруіне назар аударды. Енді ақша субсидияларды ресімдеу қажеттілігінсіз жылдық 5 пайызбен берілетінін, сондай-ақ «Даму» қоры арқылы қарыздарды 85 пайызға дейін сақтандыру көзделгенін атап өтті.

Облыстық әкімдіктің мәліметіне қарағанда, 2023 жылдың қаңтар-желтоқан айларында Ақмола облысында ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 741 564,5 млн теңгені құрады. Оның ішінде өсімдік шаруашылығы – 371 057,2 млн теңге, мал шаруашылығы – 369 976,8 млн. теңге.

Облыста барлығы 9361 агроқұрылым бар, оның ішінде заңды тұлғалар – 1923, жеке кәсіпкерлер – 695, шаруа қожалықтары – 6743. Ауыл шаруашылығына құйылған инвестиция 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 83,9 млрд теңгені немесе, 2022 жылғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 81,2 пайызды құрады.

Тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына инвестициялар 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан кезеңіне 9,1 млрд теңгені құрады немесе, 2022 жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда, 36,2 пайызды құрады.

2023 жылдың қаңтар-қараша айларында ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты ақшалай мәнде 322,8 млн АҚШ долларын немесе 2022 жылғы деңгейге 84,8 пайызды құрады. Облыстың ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған халық саны – 26,8 пайыз. Субсидиялау түріндегі агроөнеркәсіп кешені саласын мемлекеттік қолдау көлемі 55,9 млрд теңгені құрайды. Оның ішінде өсімдік шаруашылығы саласын субсидиялауға – 14,6 млрд. теңге (пестицидтерге – 9 603,7 млн теңге, тыңайтқыштарға – 3 671,4 млн теңге, тұқым шаруашылығына – 1 117,5 млн. теңге, азық-түлік астығына – 240,6 млн теңге); мал шаруашылығын субсидиялауға 12,8 млрд теңге; қаржы құралдарына 26,6 млрд теңге (инвестициялық салынымдарға 16 627,7 млн теңге, кредиттер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуге 9 985 млн. теңге); өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялауға 1,8 млрд теңге.

2023 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында АШТӨ барлығы 70,2 млрд теңгеге 2195 бірлік техника сатып алды (2022 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 73,9 млрд теңгеге – 1909 бірлік). Оның ішінде 25,6 млрд теңгеге 224 астық жинау комбайны, 17 млрд теңгеге 349 трактор, 1,4 млрд теңгеге 441 тұқым сепкіш, 6,2 млрд теңгеге 53 егіс кешенін, 20 млрд теңгеге 1128 өзге де техникалар сатып алынды.

Ақмола облысында агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңдеудің жай-күйіне көз жүгіртер болсақ, былтыр жылдық өндірістік қуаттылық ет өңдейтін 15 кәсіпорында 122,8 мың тонна; сүт өнімдерін өндіретін 14 кәсіпорында 141,5 мың тонна; 36 ұн тартатын диірменде 794,8 мың тонна; майлы дақылдарды өңдейтін 8 кәсіпорында 101,4 мың тонна болды. Соның нәтижесінде 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 223,2 млрд теңгенің азық-түлігі өндірілді. Бұл, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 106,8 пайызды құрады. Тамақ өнімдерін өндіру құрылымында ет өңдеу саласы 49 пайызды, сүт өнімдерін өңдеу 15 пайызды, астық өңдеу 10 пайызды, нан мен нан-тоқаш өнімдері 2 пайызды, ал өзге салалар 24 пайызды құрады. Ет өңдейтін кәсіпорындар мен цехтар, 2022 жылмен салыстырғанда, 93,2 мың тонна ет өндірді, бұл 15,4 пайызға артық, шұжық өнімдерін өндіру 3 мың тоннаны құрады, яғни 21,6 пайызға төмендеді.

Өңделген сүт өндірісінің көлемі 96,4 мың тоннаны құрады, 2023 жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінде 14,2 пайызға өсті, сары май 2,3 мың тоннаны құрады немесе 25,9 пайызға өсті, ірімшік және сүзбе 1,7 мың тоннаны құрады немесе 31,8 пайызға өсті, 7,6 мың тонна ашымал сүт өнімдері өндірілді немесе 5,8 пайызға өсті. Өндірілген өсімдік майының көлемі 51,7 мың тоннаны құрады, 2022 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда, 55,5 пайызға өсті. Өндірілген ұсақ тартылған ұнның көлемі 191,5 мың тоннаны құрады немесе, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 16,9 пайызға төмендеді.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

## ТАРАТУ

2. «ЖАНКЕНТ-ЕРАСЫЛ» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 160640016564, Қызылорда обл., Қазалы ауданы, Жанкент ауылы, Ә.Тобаев көшесі, 33 үй, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 айдың ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020400, Қызылорда обл., Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Ұялы көшесі, 5 үй. Тел. 87780190101.

3. «Ordinatus» ЖШС (БСН 150740013859) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола обл., Көкшетау қ., Р. Сабатаев көш., 151/1.

4. «Хамза» спорт және шығармашылық қабылетті дамыту орталығы» ЖШС, БСН 220240006209 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Амангелді ауылы, М. Якупов көшесі, 51 үй.

5. «Lioner Баспасы» ЖШС (БСН 230640008410) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Достық көшесі 5, 199, тел. 87477230123.

6. «BIASAD» ЖШС (БСН 191040022743) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қ., Байқоныр ауданы, Отырар көшесі, 2/1 үйі, 60 пәтер, пошта индексі 010000, тел. 87052945958.

7. «Murray & Roberts Kazakhstan (МюррейЭндРобертс Казахстан)» ЖШС (БСН 220440047540) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Абай тұйық көшесі, 5А үй.

## МҰРАГЕРЛІК

12. 2023 жылдың 15 мамырында қайтыс болған Құлахметов Құралбай Қойшыбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

## ӘРТҮРЛІ

8. Ақмола облысының жеке сот орындаушысы С.Т. Шалов ҚР «Астық туралы» заңның 37-бабының 2-бөлігіне сәйкес, «Мельнично-Макаронный Комбинат «Аян» ЖШС-не (БСН 050940010692) тиесілі АҚП, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Анар ст. мүліктік кешенін, сот шешімінің негізінде жүзеге асыру жұмыстары туралы хабарлайды. Тел. 87773330311.

9. Ақтөбе облысы МАЭС 04.07.2024 ж. ұйғарымымен «BS-Agro» ШҚ-на қатысты (БСН 200864012956) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 25-412, тел. 87761240404.

13. «Emporium (Емпориум)» ЖШС (БСН 140940011749) Жарғы негізінде әрекет ететін директор Унал Ферхаттың атынан жарғылық капиталдың 189 753 431 теңгеге азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 127, офис 101, тел. 87758407608.

14. Атырау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі орталықта тәрбиеленіп, қайтыс болған төменде көрсетілген қызмет алушы Атырау қаласы «Еуразия» АҚ банкісіндегі жеке есепшотындағы қалдық ақшаларын алу үшін мұрагерлік іс ашуға мұрагерлерін тауып, табылмаған жағдайда, мемлекеттік бюджетке аударатынын хабарлайды.

Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Е.Шәкіліков көшесі, 38 үй.

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Туған күні, айы, жылы | Орталыққа келген күні | Қайтыс болған күні | Бұрынғы мекенжайы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Козлов Юрий Иванович | 25.09.1940ж | 08.02.1977ж | 29.10.2023ж | Алматы облысы |

15. «Довун» шаруа қожалығы Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында оңалту жөнінде іс қозғалғаны туралы хабарлайды.

17. «Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі әдістемелік кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 23540001062, «Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, БСН 211140025582, қосылу жолымен қайта құрылуы туралы хабарлайды. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Ғани Абсагитов көшесі, 7, тел. 87172607789.




Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының отставкадағы төрағасы Мұсабек Тұрғынбекұлы Әлімбековтың інісі

**Мұратбек Тұрғынбекұлының**

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облысы Шет ауданының №2 аудандық сотының төрағасы Серік Төлегенұлы Сакеновтің анасы

**Қарлығаш Қалиасқарқызының**

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының Алматы қалалық филиалының ардагерлер кеңесі сот ардагері

**Мамыр Мұқтар Қаратайұлының**

қайтыс болуына байланысты туыс-туғандары мен әріптестерінің қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.